

Қазақстан Республикасындағы ВИЧ/СПИД жөніндегі эпидемиялық жағдайдың нашарлауына байланысты алдын алу шараларын күшейту бойынша қосымша іс-шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 24 желтоқсандағы N 582. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000.02.14. N 242 қаулысымен. ~P000242

Қазақстан Республикасындағы ВИЧ/СПИД жөніндегі эпидемиялық жағдайдың нашарлауына байланысты алдын алу шараларын күшейту мақсатында:

1. Ақмола, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан облыстары мен Алматы қаласының әкімдері ВИЧ/СПИД-тің ошақтарын оқшаулау және осы инфекцияның әрі қарай эпидемиялық таралуына жол бермеу жөнінде шаралар қолдансын.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, облыстар мен Алматы қаласының әкімдері СПИД-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөнінде бар орталықтардың материалдық-техникалық базасын нығайту және оларды дер кезінде қаржыландыруды қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Әділет министрлігі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитетінің келісімімен нашақорларды бірыңғай есепке алу және міндетті мәжбүрлі түрде емделуге тарту тәртібі туралы ережені, сондай-ақ наркологиялық мекемелердің желісін одан әрі дамыту жөнінде шаралар әзірлесін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігін СПИД-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі республикалық орталық үшін зертханалық және мұздатқыш жабдықтарын, диагностикалық тест-жиынтықтары мен ұйымдастыру техникаларын сатып алу үшін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне 1996 жылға арнап көзделген қаражат шегінде 7,3 млн. (жеті миллион үш жүз мың) теңге сомасында басымдықты тәртіппен қаржыландыра бастауды қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК